

Сабақтың тақырыбы:

Болымсыздық есімдігі. Белгісіздік есімдігі

Мақсаты



- а) Белгісіздік, болымсыздық есімдіктері жайлы кеңінен түсінік беру, ерекшеліктерін таныстыру, таныту.
- ә) Оқушылардың алған білімдерін дамыту, сөздік қорларын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.
- б) Оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдісі: «Миға шабуыл», талдау, ребус құрау, сөзжұмбақ шешу

Көрнекіліктері: Үлестірмелі парақшалар, бағалау парақтары, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:



I. Ұйымдастыру кезеңі

- А) Сәлемдесу
- Ә) Түгелдеу
- Б) Оқушыларды үш топқа бөлу

II мон

Сен оны құрметте
Түсіндің бе, карағым.
Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық жолында аяғын
(Ә. Сәрсенбаев)

II. Үй тапсырмасын сұрау

1. "Миға шабуыл"

III мон

Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзімнің,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!
(М. Жұмабаев)

III мон

Анау не жарқыраған,
Аспаннан тартып алам.
Мынау не сарқыраған?
Қалайша сарқылмаған?
(Ә. Табылдиев)





2. Cambian reuehi matday


Үлгі:

I топ.

II топ.

III топ.

- Бұл
- негізгі
- дара
- есімдік
- сілтеу
- қай?
- анықтауыш



I топ

Ол
негізгі
дара
есімдік
жіктеу
кім?
бастауыш

II топ

бүтін
негізгі
дара
есімдік
жалпылау
қандай?
анықтауыш

III топ

Осы
негізгі
дара
есімдік
сілтеу
қай?
анықтауыш

3. Техм мансырматары





Тест тапсырмаларының жауаптары

- | | |
|--------------|---------------|
| 1 – C | 6 – B |
| 2 – A | 7 – A |
| 3 – A | 8 – C |
| 4 – A | 9 – C |
| 5 – B | 10 – A |



III. Жаңа сабақ

Он бесінші қаңтар

Болымсыздық есімдігі. Белгісіздік есімдігі



Болымсыздық есімдігі

*Ешкім, ешқайсысы,
дәнеңе, ештеңе*
зат есім орнына жұмсалады

Ешқашан, ешқайда, ешқайдан
үстеу орнына жұмсалады

Еш сөзі мен *бір, кім, қашан,
қандай, қайдан, қайсысы*
есімдіктері бірігу арқылы
жасалады

Болымсыздық мағынаны
білдіреді

Белгісіздік есімдігі

Белгісіз етіп жорамалдап,
тұспалдап көрсетеді

Біреу, кейбіреу, әркім, әрне,
әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір,
қайсыбір

әлде, әр, қай, кей, бір сөздері
есімдіктермен тіркескенде бірге
жазылады, ал басқа сөз таптарымен
тіркескенде бөлек жазылады

*Біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме,
әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене*
белгісіздік есімдіктері зат есім орнына
жұмсалады.

Қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір
белгісіздік есімдіктері сын есім орнына
жұмсалады.

*Әрқашан, әрқалай, әлдеқашан,
әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан*
белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде
қолданылып, пысықтауыш қызметін
атқарады.

IV. Оқулықпен жұмыс

203-жаттығу

**Мәтінді оқып, есімдіктерді
мағыналық түріне қарай ажырату**



Ребус құрау

II топ

Көшеде ешбір
дыбыс жоқ



III топ

Ешкімде үн жоқ



III топ

Басқа ешкім
сөйлемейді



205-жаттығу

Өлең шумақтарын мәнерлеп оқу.
Белгісіздік есімдіктерін қатыстыра
отырып сөйлем құрау

II моту

<i>Болымсыздық есімдігі</i>	<i>Ортақ көрсеткіші</i>	<i>Белгісіздік есімдігі</i>

III моту

<i>Жіктеу есімдігі</i>	<i>Ортақ көрсеткіші</i>	<i>Сілтеу есімдігі</i>

III моту

<i>Өздік есімдігі</i>	<i>Ортақ көрсеткіші</i>	<i>Жалпылау есімдігі</i>

VI. Есімдіктерді септеу

II мон

Ешкім

III мон

Әркім

III мон

Кейбіреу




А.с. Ешкім
І.с. Ешкімнің
Б.с. Ешкімге
Т.с. Ешкімді
Ж.с. Ешкімде
Ш.с. Ешкімнен
К.с. Ешкіммен

А.с. Әркім
І.с. Әркімнің
Б.с. Әркімге
Т.с. Әркімді
Ж.с. Әркімде
Ш.с. Әркімнен
К.с. Әркіммен

А.с. Кейбіреу
І.с. Кейбіреудің
Б.с. Кейбіреуге
Т.с. Кейбіреуді
Ж.с. Кейбіреуде
Ш.с. Кейбіреуден
К.с. Кейбіреумен


VI. Есімдіктерді септеу

1. Жіктеу есімдігі




2. Сілтеу есімдігі

3. Сұрау есімдігі




4. Өздік есімдігі

5. Белгісіздік есімдігі



6. Болымсыздық есімдігі

7. Жалпылау есімдігі



VIII. Сабақты қорыту

«Бұл қай есімдіктер?»»

Етікші аспабының бірімен аттас есімдік?

(Біз – жіктеу есімдігі)

Басқаның бәрін өзі сұрайды,
Өзінен ешкім сұрамайды.

(Өздік есімдігі)

Біреулері көрсетіп нұсқап тұрады,
Біреулері мәлімсіз есімдердің орнына қолданылады

(Белгісіздік есімдігі)

IX. Үйге тапсырма:

206-жаттығу

Тақырыпты оқу,
анықтама жазу

X. Бағалау





Тыңдағандарыңызға рахмет